

**Түйін**

Мақала тұрақты қаржы қатынастарындағы қаржы есеп беруін түсінуге бағытталған. Мақалада «қаржылық тұрақтылық» және «экономикалық тұрақтылық» түсініктерінің айырмашылығы қамтылды.

Сонымен қатар басқару шешімдері мен экономикалық тиімділігін бағалауға арналған көрсеткіштер жүйесі болып табылатын коэффициенттік әдіс мәселелеріне ерекше назар аударылады.

**Conclusion**

The Article is dedicated to understanding of financial accounting as a system of stable financial relations.

In article there is a difference between the notions "financial stability" and "economic stability".

A great attention was paid to the question of coefficient method, that presents itself as a system of performance for the estimation of the management decisions and cost-performance.

## **БАНДИТИЗМДІ ТЕРГЕУДІҢ АЛҒАШҚЫ КЕЗЕҢІНДЕ ҚОЛДАНЫЛАТЫН ІЗДЕУДІҢ КЕЙБІР ТАКТИКАЛЫҚ ӘРЕКЕТТЕРІ**

**Баймухамбетова А.Б.**

Соңғы жылдарда мамандар назарын қылмыстық топ болып қатысумен жасалған қылмыстар мәселесіне көбірек аударуда, зерттеуші мамандардың бұл мәселеге ден қоюы тегін емес, топпен жасалатын қылмыстардың қоғамға қауіптілігінің дәрежесі жоғары екендігі айқын жағдай. Бірнеше адамның қылмыс істеуінің нәтижесінде туындайтын зиянның мөлшері де жеке дара қылмысқа қарағанда едәуір көп болады [1, 89б.].

Ұйымдасқан қылмыстардың құрамдас және қауіпті түрінің бірі бандитизм болып келеді. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 237-бабына сәйкес, бандитизм – азаматтарға немесе ұйымдарға шабуыл жасау мақсатында тұрақты қарулы топ (банда) құру, сол сияқты осындай топты (банданы) басқару деп танылады [2, 94б.].

Бандитизмнің таралуына мемлекеттің әлеуметтік – экономикалық жағдайының нашарлауы, халықтың меншік белгісі бойынша топтарға бөлінуі, жұмыссыздар санын көбеюі, есірткі заттарының заңсыз айналымы, қару – жарақтың ашық түрде сатылуы, құқық қорғау органдарының топпен жасалған қылмыстармен күресу, алдын алу, тергеу және іздеу әрекеттерінің сапасыздығы есерін тигізеді.

Бандитизмді тергеудегі алғашқы кезеңінде қолданылатын іздеу әрекеттерінің бірі ретінде – оқиға болған жерді қарау болып саналады. Оқиға болған жерді қарау – қылмыс ізін, өзге қылмыстың орынды болуын

растайтын материалдық объектілерді анықтау, сондай-ақ қылмыстық іс үшін маңызы бар жағдайларды айқындау мақсатында өткізіледі [3, 157б.]. Оқиға болған жерді қараудың нәтижелері қылмыс жасауға қатысқандардың жалпы санын, бандаға қатысушылардың топтағы өзара міндеттерді бөлісуі, қылмыста бандамен қолданылған техникалық құралдарды және шабуыл жасауға банданың дайындалу деңгейін анықтауға мүмкіндік береді. Оқиға болған жерді қарау әрекеті негізінде қылмыстық оқиғаның жалпы суреті келесі белгілердің көмегімен орнатылады:

– оқиға болған жерді қарау кезінде алынған мәліметтер арқылы;

– жәбірленушілер мен куәгерлердің түсініктемелері бойынша;

– ұқсас қылмыстарды тергеу кезінде қалыптасқан тергеушінің жеке тәжірибесі негізінде;

– қарауға қатысқан ішкі істер органдары қызметкерлерінің пікірлеріне сүйенеді.

Осыған орай, оқиға болған орынды қарау ұйымдасып жасалған қылмыстардың объективті жақтырын анықтағанда және қылмыстық істің соттық болашағын болжау ретінде негізгі әдістердің бірі болып саналады.

Бандамен жасалған қылмыс туралы мәліметтерді жинаудың негізгі тергеу әрекеттерінің бірі ретінде жауап алу қолданылады. Жауап алу қылмысты ашу үшін тергеушіге және сотқа қылмыс туралы неғұрлым толық мәлімет алуға көмектеседі.

Бандитизмді тергеу барысында тергеушіге шындықты айтқысы келмейтін немесе қойылған сұрақтарға мүлдем жауап бергісі келмейтін адам қарсы қойылады. Осы жағдайдың бір өзінен – ақ, жауап алудың қиын әрі, қылмысты ашуға көмектесетін негізгі тергеу тактикасы деп айтуға болады.

Бандитизм топпен жасалатын қылмыс болғандықтан, оның құрамында басшы, ұйымдастырушы, бандаға қатысушылар, қылмысқа тікелей қатыспаса да, банданың әрекетіне әсер еткендер де болады. Айыпталушылардан қандай ретпен жауап алу мәселесі де, істі ашуға үлкен әсерін тигізеді. Кейбір уақытта жауап алу банданың басшысынан басталады. Банда басшысы басқа топ мүшелеріне қарағанда, істі ашу үшін толық әрі пайдалы мәліметке ие болып келеді. Бандитизмді тергеуде сот сараптамасының жеке түрлері де пайдаланады.

Зерттеудің негізгі объектілері ретінде сараптамаға бандитизмді тергеу барысында жәбірленуші мен қылмыскерлердің жеке заттары жіберіледі: (от қаруы, оны қолданудың іздері, суық қару немесе тұрмыстық – шаруашылық пішақтар және де қару ретінде қолданыс табатын басқа да құралдар), жәбірленуші мен қылмыскерлердің іздері: жарылғыш заттардың және құралдардың қалдықтары, арқан, жіп, сым, бояғыш заттардың қалдықтары, шан, батпақ, өсімдік қалдықтары, пластмасса, әйнектердің сынықтары түріндегі микрообъектілер және т.б.

Сараптамаға жәбірленуші мен қылмыскерлердің тек жеке заттары ғана емес, сонымен қатар басқа да тергеуге тиісілі мәліметтер жіберіледі: жәбірленушінің соттық-медициналық актісі, оқиға болған жерді қарау туралы және жәбірленушіден, айыпталушыдан және куәгерлерден жауап алудың қорытынды хаттамалары және т.б.

Бандитизмді тергеу барысында биологиялық сараптаманың қорытындылары да істі ашуға үлкен әсерін тигізеді. Бұл сараптаманың объектілері – қан, сілекей, шаш және т.б адамның жеке микробөлшектері болып келеді. Сот – биологиялық сараптаманың нәтижелері сезіктінің қылмысқа қатысын, оқиғаның жағдайын және қылмыстың құралын орнатуға мүмкіндік береді.

Фоноскопиялық сараптаманың нәтижесі банда туралы келесі мәліметтерді орнатуға мүмкіндік береді: бандаға қатысушылардың әңгімелерінің мазмұнын, әрбір дауыстың нақты қылмыскерге тиістілігін, әңгімеге қатысушылардың жалпы санын, яғни бандаға қатысушылардың санын және фонограммада жазылған дыбыс арқылы тұлғаның әлеуметтік, психологиялық, биологиялық қасиеттерін.

Банда тұрақты, ұйымдасқан, өз көшбасшысы, орындаушылары, ұйымдастырушысы бар топ болатындықтан, банданың ұйымдастырылу ерекшеліктері, оның құрылысы мен құрылымы, әрбір қатысушының топтағы рөлі мен жүріс-тұрысы сот-психологиялық сараптама негізінде анықталады. Сот – психологиялық сараптаманың нәтижелері жауап алу, беттестіру сияқты тергеу әрекеттерінің өткізуді жоспарлауға мүмкіндік береді [4, 146.].

Бандитизмді тергеудің алғашқы кезеңінде іздеудің кейбір тактикалық әрекеттерін қарастыра келе, біз келесі қорытындыға келдік: жауап алу, оқиға болған жерді қарау және сот сараптамасының жеке түрлері сияқты іздеу әрекеттерін қылмысты ашу үшін, тергеудің алғашқы кезеңінде де, кейінгі кезеңдерінде де пайдалануға болады.

Оқиға болған жерді қарау қылмыс оқиғасын толық орнатуға жеткілікті мәлімет береді. Оқиға болған жерді қарау сапасы тергеуге қатысқан тергеушінің және құқық қорғау органдарының біліктілігіне байланысты. Сонымен бірге бұл тергеу әрекеті негізінде неғұрлым толық ақпарат алу үшін замандас ғылыми-техникалық құралдарды (видео, дыбысжазу және т.б.) пайдалануға болады.

Күдіктіден жауап алу барысында қылмыскердің тұлғасы, оның жеке ерекшеліктері және әлеуметтік-психологиялық мінездемесі есепке алынады.

Сот сараптамалары қылмысты тергеудің ажыратылмас бөлігі болып саналады және оларды тергеудің әрбір кезеңінде қолданылуға болады. Қылмыстық істі тергеуде сот сараптамаларын уақытында белгілеу істі ашуға оң нәтиже береді және де бұл нәтижелер дәлелдеуде маңызды рөл атқарады.

## ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Өзбеков Д. Қылмыстық құқықтағы қылмыстық сыбайластықтың кейбір мәселелері // Тураби. – 2004. – №5. – 129 б.

2 Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. – Алматы: ЖШС «Изд-во «Норма – К», 2004. – 172 б.

3 Абуов А.Ғ. Криминалистика негіздері: Оқу құралы. – Алматы: Жеті жарғы, 2004. – 256 б.

4. Белеков Б.С. Методика расследования бандитизма: Автореф. ...канд. юрид. наук. – Москва, 2008. – 29 с.

*Резюме*

*В статье рассматриваются особенности тактики некоторых отдельных следственных действий и судебных экспертиз, проводимых на первоначальном этапе расследования.*

*Conclusion*

*In the article features of tactic of some separate investigatory actions and expert testimonies in court are considered conducted on initial stage of investigation.*

### **АНАЛИЗ ПОНЯТИЯ ТОЛЕРАНТНОСТИ В ФИЛОСОФСКОЙ, ПСИХОЛОГИЧЕСКОЙ И ПЕДАГОГИЧЕСКОЙ ЛИТЕРАТУРЕ**

**Жаркунгулова З.Д.**

В XXI веке в условиях коммуникации и информатизации толерантность является одной из главных нравственных основ мирового сообщества, которое стремится к достижению согласия и понимания ненасильственными способами и методами.

В современном мире в толерантности видится надежный путь преодоления конфликтов, вражды, терроризма, войн, именно с толерантностью связываются надежды на процветание общества, проявляющего терпимое и уважительное отношение к людям другой религии, другого этноса.

Казахстан на сегодняшний день является уникальным примером единства людей, основу достижения которого составляет модель толерантных отношений. Созданная по инициативе Президента страны в 1995 году Ассамблея народа Казахстана выполняет важную миссию по укреплению толерантности и согласия между людьми различных этносов и стран.

Казахстанская модель толерантности может стать основой формирования взаимоотношений людей, народов, стран.

В своем выступлении на открытии конференции ОБСЕ высокого уровня по толерантности и недискриминации Н.А. Назарбаев напомнил, что толерантность, наряду с доверием, традициями и транспарентностью, – главное направление казахстанского председательства в ОБСЕ [1, 2].

Сущность толерантности наиболее полно изложена в Декларации принципов толерантности, принятой в 1995 году Организацией Объединенных Наций по вопросам образования, науки и культуры. Как указано в Декларации (статья 1), «толерантность означает уважение, принятие и понимание богатого многообразного проявления человеческой индивидуальности. Толерантность – это не уступка, снисхождение или потворство. Толерантность – это, прежде всего, активное отношение, формируемое на основе признания универсальных прав и основных свобод человека».

Термин «толерантность» был введен философами в XVI–XVII вв. и рассматривался в трудах таких ученых и исследователей, как П. Бейль, Т. Гоббс, Н.А. Бердяев, Ф. Бэкон, И. Кант, Дж. Локк, И.А. Ильин, Д. Мильтон, Н. Рерих, Ж. Руссо, В.В. Соловьев, и др.

Историко-генетический анализ показал, что понятие «толерантность» претерпело изменения в процессе становления философской мысли историко-культурного развития. Именно к античности можно отнести начало употребления понятия, где в основном использовалось понятие «patientia» (как терпение тела), реже – «tolerantia» (как выдержка, сила души). В содержательном смысле терпимость была проявлением веротерпимости в античной религии.